

2. Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010-2014 годы.
3. www.stat.kz - Официальный сайт Агентства Республики Казахстан по статистике
4. Интервью с Министром образования РК Б. Жумагуловым «Мощные стимулы для развития науки уже работают» от 11 апреля 2012 г.
5. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана (Астана, 27 января 2012 года).

ӘОЖ 330.101

ЕҢ БАСТЫ КАПИТАЛ-АДАМИ КАПИТАЛ

Бейшен Берік Шымболатұлы

bake4344@gmail.com

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Мемлекеттік және жергілікті басқару студенті

Ғылыми жетекші –Е. Молдакенова

Инновациялық экономикаға көшу жағдайында экономикалық өсу мен ұлттық бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етуде адамның білімі, біліктілігі және тәжірибесі маңызды рөл атқарады. Бұл мақаланың өзектілігі бүгінгі күні құндық бағасы жоқ адами капиталға салынатын инвестициялардың қазіргі таңда салыстырмалы түрде қаншалықты маңызды екенін көрсету және де оны барынша тиімді қолдану болып табылады.

Ақпараттық қоғамға көшу адами капиталдың жаңа, ақпараттық тұжырымдамасының жасалуымен айшықталады. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, шығармашылық, инновацияларға қабылдауға қабілетті, технологиялар қызметін өзгертуге бейімделу, жоғары дәрежелі, білікті және креативті адам сипаттамалары ретінде алдыңғы қатарға шығады.

Бүгінгі таңдағы індет қазақ елінде жайлап тұрған кезде, әсіресе, адами капиталды қалыптасырушы негізгі фактор білім және ғылым саласындағы реформалар халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңартылған бағдарламалар болып табылады. Қысқаша айтқанда, елімізде дағдарыс кезінде қәуіп-қатерменен бірге келетін мүмкігшілікті, ар-ұждан, ақыл-ой, қазақи болмыс пен ерекшеліктерді ескермей және бүлдірдуді тоқтатпай, білім және ғылым саласын жүйелі оң нәтижеге жеткізу мүмкін емес. Яғни, міндетті түрде, қазақ қоғамында ұлы сана бірінші, сонан соң экономика деген қағиданы қолға алуымыз қажет.

Қазіргі уақытта әртүрлі елдер әкімшілік-құқықтық, реттеушілік және экономикалық реттеу шаралары арқылы экономикалық басқару процесінде адам ресурстарын көбейту және оңтайлы пайдалану мәселесін шешу қолға алынуда. Реттеуші құрал ретінде адам ресурстарының құны, оларды құру мен көбею шығындары, пайдаланғаны үшін төлем және тиімділік стандарттары қолданылады. Адами ресурстарды тиімді қолдану нарықтық қатынастар жүйесіне әлі толық қосылмаған. Елімізде мұндай құралдарды ғылыми және практикалық негіздеу мен қолданудың әдістемелерін мен әдістерін зерделеу мен қолдану мәселері енді ғана қолға алынуда. Қазіргі жағдайда, бұл, ең алдымен, қоғамға деген сенімнің өсуіне байланысты. Яғни, адами және әлеуметтік капиталды дамытуға ұзақ мерзімді және ауқымды инвестицияларды қажет ететін стратегиялық шешімдерді әзірлеу қажеттілігіменен анықталады. Сондықтан, мемлекет халықтың өмір сүру деңгейін көтеруді қамтамасыз ететін, мемлекеттік құрылыс идеологиясының негізін құрайтын және қоғаммен етене араласу мен оның сенімін арттыруға мүмкіндік беретін нақты шараларды қабылдауы керек. Алайда, адамдардың дүниетанымы, олардың менталитеті, мәдениеті мен идеологиясы, кәсіби дайындығы тарихи қысқа мерзімде өзгере алмайтын эволюциялық үрдіс екенін ескеру қажет. Осылайша, қоғамдағы нарықтық идеологияны қазақстанда қолданудың негізгі кедергісі - бұл, әсіресе, оның құрамдас бөліктері тұрғысынан, қазақстандық адами капиталдың төмен деңгейде болуы.

Бүгінгі жағдайда, еңбек үрдісінің негізгі компоненті ақпараттық технологиялар болып табылады. Олар қызметкерлердің инновациялық қабілетін жүзеге асыру мүмкіндігімен байланысты, өйткені олар, адами капиталдың мазмұнын жаңа деңгейге түрлендіруге түрткі бола алады. Басқаша айтқанда, шығармашылық және кең ауқымдағы қызмет саласындағы тұлға ұтымды экономикалық адамды бірте-бірте ауыстыра алады. Мұндай жұмыста тұлғаның жаратылысы ішкі ынталандыру қызметіне айналады, дегенмен, шығармашылық іс-әрекеттің ішкі ынтасы болады. Адами капиталдың жалпы және арнайы компоненттерін зерттеу қажеттілігі зерттеушілердің арасында ортақ келісіммен жұмыс істемегенін тілге тиек еткен жөн. Ерекше назар аударатын жайт, адами капиталдың меншікке, қолдану және иелену деңгейлеріне байланысты жіктелген тәсіл болуы тиіс. Инновациялық экономикада тиімділік дәрежесіне қатысты жіктеу адами капиталдың маңыздылығын арттырады.

Аймақтарда адам капитал демографиялық, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық және климаттық факторлардың әсерінен қалыптасып, дамиды. Адами капиталдың қалыптасып, дамуына жергілікті және мемлекеттік басқару органдарының оң ықпал етуіне толық мінкішіліктері бар. Аймақтық деңгейде адам капиталын басқарудың тетіктері адами капиталдың құрылымын, оны қалыптастыру мен пайдалану процестерінің өзара тәуелділігін ескере отырып басқару механизмін құруды көздейді. Бұл тетік жұмысты атқарудағы ең маңызды көңіл аударатын жағдай - адам капиталын қалыптастыру мен пайдалану проблемаларын анықтауға бағытталған мониторинг болып табылады.

Адами капиталды қалыптастыруда оның қалыптасқан ортасы тікелей әсер етеді, яғни ең алдымен отбасы, балабақша, мектеп. Сонымен қатар жоғары білім де өз кезегінде өте үлкен ықпал етеді. Соңғы жылдары Қазақстанда жоғары оқу орындарын оңтайландыру салдарынан ЖОО-лардың саны 12,3%-ға төмендеді. Сонымен қатар студенттер санының (16,3%) төмендеуі байқалады. Студент контингентінің азаюына жоғары оқу орындарына қабылдау «қарсаңында» балдық шекті деңгей талап етуімен, өткен ғасырдың 90-шы жылдары туудың төмендеуімен, және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы өзге де факторлардың әсер етуімен анықталды.

Сонымен адами капиталға салынған инвестициялар басқа инвестицияларға қарағанда адам үшін ең тиімді және де бұл инвестиция дұрыс игерілсе оның жемісі көп болмақ. Инновациялық экономикаға көшу жағдайында экономикалық өсу мен ұлттық бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етуде адамның білімі, біліктілігі және тәжірибесі маңызды рөл атқарады. Сондықтында осы капиталды дамытуға, өркендетуге және де одан әрі қарай қарай бәсекеге қабілетті мамандар жасақтауға бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ауызбіршілікпен атсалысып, аянып қалмауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ТарақтыБауржанИсабек. Сана. – Астана, 2020.
2. <https://www.academia.edu/>.
3. [\(358\) Презентация «Человеческий капитал 2.0» - YouTube](#)

УДК 338.2

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА НА ПРИМЕРЕ ГОРОДА НУР-СУЛТАН

Бектемирова Лия Кайратовна

liyabekemirova@gmail.com

Студентка 2 курса, специальности 5В050700 «Менеджмент»,

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель – Н.Нурмухамбетов

В статье описан механизм работы государственно-частного партнерства на территории Республики Казахстан, его необходимость, преимущества, слабые стороны, а также перспективы развития.